

«Үштілділік» аймақтық бағдарламасы мектеп жағдайында

«№ 26 орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі Кабдуахитова Н.С.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің мемлекеттік тіл ретінде - қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде - орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кіргізу тілі ретінде - ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткенін білеміз. Бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндет, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді білдіреді.

Осыған орай, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниял Ахметовтың тапсырысы бойынша мектеп мұғалімдері және жоғары оқу орындарының профессорлары екі ай көлемінде 2015-2018 оқу жылдарына арналған көптілділікті дамытудың Аймақтық Бағдарламасын жасады.

Жұмыс тобының құрамында біздің мектептің орыс тілі мен орыс әдебиетінің мұғалімі Нигметжанова Альфира Тoleгеновна және қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Тогузова Динара Даулетканқызы жұмыс істеді.

Бағдарламаның мақсаты: қазақ, ағылшын және орыс тілдерінен оқушылардың коммуникативтік күзінеттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Бағдарламаны енгізу бойынша тиімді жұмыс жүргізу үшін, мектепшілік әдістемелік комиссия отырыстарында «Үштілділік» аймақтық бағдарламасының мектеп жағдайында нақтылы түрде жүзеге асуы» мәселесі қарастырылды.

Үш тілді: мемлекеттік, қазақ және орыс тілдерін үйрену және қолдану үшін, мектепте барлық қажетті жағдайларды жасау, қазақ, ағылшын және орыс тілдері бірлестіктерінің мұғалімдерімен ӘК жұмысының жоспарына Бағдарламаны енгізу және ұйымдастыру жөнінде қосымша жоспар енгізілді, мақсаттары мен міндеттері анықталды. «Лексикалық минимумды» құрастыру бойынша шығармашылық топтар құрылды:

- Шағын орталық және мектепалды даярлау сыныптарында «Мектепалды даярлық сыныптарындағы билингвалды білім»

(А.А. Окасова, О.Ж. Кенжебаева – қазақ тілі мұғалімдері, М.А. Манвилер – ағылшын тілі мұғалімі)

- 1-4 сыныптарда «Қазақ-орыс-ағылшын тілдескіші»

(Н.Б. Бейбтканова – ағылшын тілі, Н.С. Кабдуахитова – қазақ тілі);

- 5-6 сыныптары, “Білгің келе ме? - Want to know?”

(О.Е. Ходницкая – ағылшын тілі, Ж.М. Аженева – қазақ тілі);

- 7-8 сыныптары, “Polyglotte”

(А.С. Бисембинова – ағылшын тілі, Б.Н. Губайдуллина – қазақ тілі);

- 9-11 сыныптары, “Мен үш тілде сөйлеймін” (А.Т.Нигметжанова – орыс тілі, М.Д.Ахметова –қазақ тілі, Ж.Ж.Бекаева –ағылшын тілі)

Мақсаты: көптілділік бойынша эксперименттік жұмыстар аясында қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқыту әдістемесін жетілдіру.

Міндеттері:

1. Ынтымақтастық және біріккен шығармашылық қағидаттары негізінде оқушылардың тілдік құзіреттіліктерін дамыту үшін жағдай жасау;

2. Басқа мәдениет өкілдерімен әлемдік кеңістікте де өзара қарым-қатынас жасау мақсатымен оқушылардың тілдерді қолдануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;

3. Заманауи ақпараттық технологиялар талаптарына сәйкес тілдерді оқытудың әдістемесін жетілдіру.

Үштілділікті енгізу қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі артықшылығының толыққанды сақталуын және күшеюін, нақты өмірлік жағдайларда міндеттерді шешу үшін, үш тілдегі ауызша және жазбаша қатысымның әр түрлі амал-тәсілдерін қолдануды қамтамасыз етеді.

Бағдарламаны оқу үдерісіне кіріктірудің алғашқы қадамдары:

- ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді, ғаламтор ресурстарын қолдана отырып, материалдарды жинақтау және жинау;

- оқулықтардың жақсы жақтарын талдау, ұсыныстар жасау;

- А1, А2, В1 деңгейіндегі жалпыеуропалық стандарттарға сәйкес деңгейлік тапсырмаларды іріктеу;

- ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды жоспарлау және өткізу, үйірме жұмыстарын ұйымдастыру, тілдік қана емес, басқа да оқу пәндерін кіріктіру;

- пән аралық үйлестірулер қағидаты түрлі пәндер тақырыптарын келістіруді талап етеді және осы мақсатпен біріккен пәндердің оқу жоспарларын сараптадық, сабақтарды кіріктірумен өткізуді жоспарладық: қазақ тілі-ағылшын тілі, орыс тілі-қазақ тілі, қазақ тілі-Қазақстан тарихы.

Күтілетін нәтиже: оқушыларды тілдік даярлаудың жаңа тәсілдері құрастырылатын, алдағы бернеше жылға есептелген үш тілді кіріктіріп оқыту бойынша авторлық бағдарламалар жасалатын болады.

Мектепте таңдау курстары жұмыс істейді:

- Стилистика, 8–9 сыныптар
- Шешендік өнер, 5 – 7 сыныптар
- Емле және тыныс белгілерінің құпиялары, 10 – 11 сыныптар
- Қызықты ағылшын тілі, 1-4 сыныптар

- Ауызекі ағылшын тілі

Үйірмелер:

1. Қазақ тілін үйрену бойынша

- «Тілашар» - Тогузова Д.Д.
- «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» - Конакбаева Р.О.
- «Қазақшаңыз қалай?» - Ахметова М.Д.
- «Ертегілер әлемінде» - Аженева Ж.М.

2. Ағылшын тілін үйрену бойынша

- «Веселый язычок» шағын орталығы - Манвиллер М.А.
- “Little stars”, мемлекеттік тілде оқитын 1-3 сыныптар - Бейбтканова Н.Б.
- Ағылшын тілі театры, 7 – 9 сыныптар – Ходницкая О.Е.

Үйірме мүшелері «Тілдер күні», «Мемлекеттік тіл күні», «Жаңа Жыл», «Наурыз

мейрамы» және басқа да мектепшілік сыныптан тыс іс-шараларды өткізуге белсене қатысады.

Аптаның әрбір жұмасы «Мемлекеттік тіл» күні болып табылады. Мектеп радиожүйесі жұмыс істейді, викториналар, дәліздерде ұлттық ойындар өткізіледі, бұл күні бүкіл мектеп қазақ тілінде сөйлеуге тырысады.

2015-2016 оқу жылында «Полиглот» жобасын жүзеге асыру аясында, білім бөлімінің «Тәуелсіздіктің 25 жылдығына – 25 нақты іс» іс-шарасының жоспары бойынша мектеп аясында:

«Үштілділік – бәсекеге қабілетті қоғамның негізі» атты апталық өтті.

Апталық ішінде:

- «Айтуға оңай» пікірталас сабағы – 10 -11 сыныптар;
- «My Homeland Of Kazakhstan» кіріктірілген ашық сабақ (ағылшын –қазақ тілі, 7 сыныптар);

- «My family» кіріктірілген ашық сабақ (ағылшын-қазақ-орыс тілдері) мемлекеттік тілді бастауыш сыныптары;

Сыныптан тыс іс-шаралар:

- «Сиқырлы ертегі» 1-4 сыныптар;
- «Қиял-ғажайып және бастан кешулер» 5-8 сыныптар
- «Мәнерлеп оқу байқауы» 1-4 сыныптар,
- «Мектеп театры» 9-11 сыныптар байқаулары өткізілді.

Қалалық іс-шара:

- «Сиқырлы ертегі» байқауы, 3-орын.
- «Сөз бен мәтін» атты фестиваліне қатысып, журналисттер турында мектеп командасы болып ІІІ орынға ие болды.